

Маратқызы А.
**Криминалистикадағы іздерді
зерделеудің жалпы негіздері**

Ұсынылып отырған мақалада қылмыстық құқық бұзушылық болған жерде адам қалдырған іздердің зерттелуі қарастырылған. Табылған іздердің жіктелуі жасалды. Мақалада Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот мұрағатынан алынған тәжірибелік материалдар қолданылады. Мақалада криминалистика ғылымының алдыңғы қатарлы ұсынғандары мен тұжырымдарын ұштастыра отырып аталған әдістер мен криминалистикалық техниканы кешенді қолданудың нәтижесінде ғана іздерді табу, алу, бекіту, зерделеу мен пайдалану барысында Конституция және халықаралық шарттарда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп, сотқа дейінгі тергеп тексеруді сапалы жүзеге асыруға болатыны дәлелденді. Бұл өз кезегінде әділдік пен мемлекеттің кез келген құқық бұзушылыққа ден қою әрекетінің бұлтартпастығын қамтамасыз етудің басты шарттары болып табылатыны уәждеделген.

Түйін сөздер: Криминалистика, қылмыс іздері, адам құқығы, қылмыс, сәйкестендіру, қылмыс объектісі, қылмыстық іс.

Maratovna A.
**General polojeniya
kriminalistieskogo Study
investigators**

This article is devoted to research of the traces left by the person on a place of commission of crime. Classification of these traces is carried out. In article the practical materials taken from criminal cases from archive of specialized interdistrict court of Almaty on criminal cases are used. The conclusion that only complex use of the advanced achievements of criminalistic science and the latest criminalistic equipment at detection, withdrawal, fixing, research and use of traces, promotes observance of the rights and freedoms of the person and citizen guaranteed by the Constitution and enshrined in international treaties is drawn. Also it increases quality of pre-judicial investigation on criminal cases. It in turn is the main prerequisite of ensuring inevitability of reaction of the state to any offenses, strict following to the principle of «zero tolerance (tolerance)» to offenses.

Key words. Criminalistics, traces of crimes, human rights, crime, identification, object of a crime, criminal case.

Маратқызы А.
**Общие положения
криминалистического
исследования следов**

Данная статья посвящена исследованию следов, оставленных человеком на месте совершения преступления. Проводится классификация данных следов. В статье использованы практические материалы, взятые из уголовных дел из архива специализированного межрайонного суда г. Алматы по уголовным делам. Сделан вывод о том, что только комплексное использование передовых достижений криминалистической науки и новейшей криминалистической техники при обнаружении, изъятии, закреплении, исследовании и использовании следов, способствует соблюдению прав и свобод человека и гражданина, гарантированных Конституцией и закрепленных в международных договорах. Также это повышает качество досудебного расследования по уголовным делам. Это в свою очередь является основной предпосылкой обеспечения неотвратимости реакции государства на любые правонарушения, неукоснительное следование принципу «нулевой терпимости (толерантности)» к правонарушениям.

Ключевые слова: криминалистика, следы преступлений, права человека, преступление, идентификация, объект преступления, уголовное дело.

Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы,
Жоғары оқудан кейінгі және қосымша білім беру институты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: ainur.m82@mail.ru

КРИМИНАЛИСТИКА- ДАҒЫ ІЗДЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

Отандық криминалистика ғылымындағы іздерді табу, алу, бекіту, зерделеу мен зерттеу нәтижелерін пайдалану бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Себебі іздерді табу, алу, бекіту, зерделеу мен пайдалану қаншалықты дамығанымен, оларды жасыру, із қалдырмаудың түрлі әдістері табылуда. Сондықтан «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген қылмыстық іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы қылмыстық сот ісінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған негізін қалаушы қағидаттарын дәйекті түрде одан әрі іске асыру болып қала береді. Бұл үшін қылмыстарды, жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етілетіні бекітілген [1].

Аталған міндеттерді жүзеге асыру, яғни қылмыстарды, жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту барысында Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету [2] басты мақсат болуы тиіс.

Соңғы жылдарда елімізде қандай-да болмасын санаттағы қылмыстардың өршуі, оның ішінде аса ауыр қылмыстардың жасалу саны одан әрі өсуде. Бұл өз кезегінде құқық қорғау, атап айтқанда, сотқа дейінгі тергеп тексеру органдарының жұмысының жоғарғы деңгейде әрі сапалы ұйымдастырылуы, олардың қылмысты ашуда тергеудің нәтижелі жүргізілуін және заманауи техника мен тәсілдерді жан-жақты пайдаланылуын талап етеді. Осы орайда жасалған қылмысты тез арада ашып, қылмыс жасаған адамдарға тиісті жаза тағайындау, қылмысқа қарсы күрестің нәтижелілігін арттырады, сондай-ақ көптеген адамдардың қылмыс жасауының алдын алады. Криминалистика тергеу және басқа құқық қорғау органдарының жұмысының іскерлігін арттыруға үлкен әсер етеді, өйткені криминалистика тергеу тәжірибесін талдап, қорыту арқылы, қылмысты ашуға

озық тәсілдерді тауып, оларды қолдану үшін керекті техникалық құралдарды тергеу қызметкерлеріне дайындап береді.

Отандық криминалистика ғылымында іздер деген түсінік екі мағынада қолданылады. Тар мағынада із деп бір объектінің таңбасы, келбеті айтылады (қолдың ізі, аяқтың ізі т.с.с.). Ал жалпы криминалистикалық мағынада қылмыстың ізі деген ұғымға оқиға болған жерде қалған жеке заттар, қираған, сынған нәрселер және қылмысқа байланысты оқиға орнында болған өзгерістердің барлығы жатады. Мысалы, оқиға болған жерде табылған барлық заттар, бөлшектер, детальдар, олардың барлығын криминалистикалық мағынада іздер деп атайды [3, 8-10 б.].

Заттай дәлелдемелерді немесе іздерді табу дегеніміз – ол тергеу органдарының қылмысты ашуға, керекті дәлелдерді іздеуге байланысты жүргізілетін іс әрекеті. Айғақ заттарды іздеуге арнаулы әдіс-тәсілдер және техника-криминалистік құралдар қолданылмаса, арнайы дайындықтан өткен маман болмаса қылмысты дәлелдеуге қажетті, микрообъектілерді жай көзбен қарап тез арада тауып алу оңайлықпен келетін жұмыс емес. (Мәселен, қолдың майлы тер іздері, иіс іздері және т.б.). Кез-келген қылмыстың, оқиғаның бейнесін көрсететін, артынан оның қоршаған ортасында белгілі бір іздер қалады. Бұл іздер оқиғамен байланысты заттарда, объектілерде қалуы мүмкін. Негізінде табылған, бекітілген және алынған іздер, дәлелдеме ретінде қолдануға болатын мәліметтерді құрайды. Жалпы із қалдыру тәсіліне байланысты олар қол, аяқ, тіс, аяқ-киім, бұзу құралы және саймандары, көлік құралы, оқ, атыс қаруының іздері болып жіктеледі.

Қылмыстардың жылдам ашылуы үшін жедел-криминалистикалық бөлімшелердің сараптамалық зерделеу жұмыстары жетілдіріліп, ғылымның алдыңғы қатарлы ұсыныстары қолданылып, жаңа ғылыми техникалық құралдар шығарылып, сараптамалық қызмет алдына қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында компьютерлік бағдарламалар жүйесі жасалуда.

Әрбір із қайталанбайтындығымен ерекшеленеді, ол қайта қалпына келуімен және тұрақтылығымен, олардың ақпараттық маңызын анықтайды және табылып алынған іздерді қолдану мүмкіндігі криминалистикалық сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да әр түрлі объектілерден қол іздерін белгілеуде бүкіл әлем криминалистері аса

назарда ұстайды және де ұдайы толықтырылу мен жаңаруда [4, 4 б.]

Нақтырақ айтар болсақ, белгілі француз криминалисті Альфонс Бертільон XVIII ғасырдың екінші жартысында, бірнеше рет ұсталған қылмыскерлермен жұмыс жүргізу барысында тарихта бірінші болып «идентификация» терминін қолданды.

«Идентификация» – «identificare» латын тілінен аударғанда – дәл соның өзі, тең, теңдес, теңдестіру, теңестіру, ұқсастыру, сәйкестіру деген мағынаны, яғни белгілі бір объектінің немесе жеке тұлғаның жалпы және жекелеген белгілері жиынтығы арқылы бір-біріне ұқсастығын білдіреді.

Криминалистік сәйкестендірудің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттері, шешілуі тиіс мәселелерінің ауқымы кең болғандықтан, криминалистикада ол үш тұрғыдан (аспектіден) қарастырылады.

Біріншіден, криминалистік сәйкестендіру жеке ғылыми криминалистік теория ретінде – сот дәлелдемесін шығару мен пайдалану мақсатында белгілі бір материалдық объектілердің әрбір уақыт аралығында өз-өзіне теңдігінің жалпы заңдылықтары туралы ілім;

Екіншіден, криминалистік сәйкестендіруді зерттеу барысында, сыртқы ортаға қалдыратын белгілі бір бейнелеріне байланысты объектінің ұқсастығының бар-жоқтығын анықтауға мүмкіндік беретін зерттеу, тану үрдісі;

Үшіншіден, мақсат немесе нәтиже ретіндегі, криминалистік сәйкестендіру қаралып отырған қылмыстық іс бойынша дәлел немесе айғақ бола алатын объектінің өз-өзіне ұқсастығы бар-жоқтығын анықтаудың тәжірибелік жолын көрсетіп, содан қажетті қорытынды шығарады [5, 25 б.]

Бұл анықтамаларда «объектінің өз-өзіне ұқсастығы» деген түсінік белгіленеді.

Іздерді қалдыру объект бойынша жіктелудің келесі түрі – із қабылдаушы объектінің өзгеру сипатына байланысты. Осы негіз бойынша барлығы екі топқа бөлінеді: көлемді және беттік. Көлемді іздер – із қалдырушы объектінің өзгерісі барысында қалыптасады, оның үш өлшемі бар: ұзындығы, тереңдігі, ені. Көлемді іздер өз кезегінде келесі топтарға бөлінеді.

– Деформация іздері – тұрақты және икемді беттің елеулі өзгерісінен қалыптасады;

– Қабаттасу іздері – ауа немесе ұнтақты беттің нығыздалуына байланысты пайда болады;

– Бұзу іздері – із қабылдаушы объектінің бөліну нәтижесінде қалыптасады (кесу, тесу іздері);

– Из қабылдаушы объектінің бөлігінің орнын ауыстыру іздері – ол шана, шаңғы, бульдозер іздеріне тән [5, 25 б.].

Сотқа дейінгі тергеп тексерудегі бір көрініс бойынша кінәлінің қылмыстық әрекеттерін делелдеу үшін әдетте бірқатар сараптамалар тағайындап, олардың нәтижесі ғана адамның қылмыстық әрекеттерін әшкерелейді. Осы орайда отандық сотқа дейінгі тергеп тексеру тәжірибесінен мынадай мысалдар келтірейік. Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 22 қыркүйек 2015 жылғы үкіміне [6] сәйкес Д. қылмыстық ісі бойынша оқиға болған жерді қарау хаттамасына сәйкес 11.12.2014 ж. сағат 05-те, Алматы қаласындағы Сейфуллин көшесі 37-үйдің маңынан қою қызыл түсті дақтардан сүртінділер, темір құбыр кесіндісі табылып алынған (1-бума, і.б. 4-7).

Оқиға болған жерді қарау хаттамасына сәйкес 11.12.2014 ж. сағат 9:42-де Алматы қаласындағы Абай даңғылы 30 мекенжайдағы «Альбадоро» караоке-барының ішінен және оның ауласынан иіс іздері, саусақ іздері, заттардан сүртінділер, темір құбырлар, арматура, киім ілгіш, ағаш кесінділері, күрек, бас киім, оқсауыт және басқа да заттай дәлелдемелер алынған (1-бума, і.б. 8-53).

29.12.2014 ж. № 788 дактилоскопиялық зерттеу қорытындысына сәйкес (1-бума, і.б. 54-61), 11.12.2014 ж. сағат 9:42-де Алматы қаласындағы Абай даңғылы 30 мекенжайдағы «Альбадоро» караоке-барының ішінен және оның ауласынан алынған саусақ іздері адамның жеке басын анықтауға жарамды.

23.12.2014 ж. сағат 14:50-де мемлекеттік номері 536 DTA/02kz Тойота хайландер автокөлігін қараудың нәтижесінде (3-бума, і.б. 147-153) спорттық бита және саусақ іздері табылып алынған.

23.12.2014 ж. № 0967 дактилоскопиялық зерттеу қорытындысына (3-бума, і.б. 155-156) сәйкес мемлекеттік номері 536 DTA/02kz Тойота хайландер автокөлігінен табылып алынған саусақ іздері адамның жеке басын анықтауға жарамды.

12.01.2015 ж. № 2851 мәйіт бойынша сот медициналық сараптама барысында (13-бума, і.б. 49-59) адам өлімінің себебі анықталған.

18.12.2014 ж. № 787 дактилоскопиялық зерттеу қорытындысына (13-бума, і.б. 72-80) сәйкес темір құбыр кесіндісінен алынған саусақ іздері адамның жеке басын анықтауға жарамды.

27.12.2014 ж. № 799 баллистикалық зерттеудің (14-бума, і.б. 31-33) барысында Алматы

қаласындағы Абай даңғылы 30 мекенжайдағы «Альбадоро» караоке-барының ішінен табылып, алынған оқсауыт калибрі 9 мм. Маркасы «MP-79-9TM», «Стриммер 1014», «Т-10» штатты өзін өзі қорғау травматикалық тапаншаның 9x22 мм. арнайы жарақат келтіретін тапаншаның құрамдас бөлігі екені анықталған. Оқ сауытта оқтау, ату және атыстан кейінгі қару бөлшектерінің іздері анықталған.

30.12.2014 ж. № 803 дактилоскопиялық зерттеу қорытындысына (14-бума, і.б. 46-48) сәйкес мемлекеттік номері 536 DTA/02kz Тойота хайландер автокөлігінен табылып алынған битада адамның жеке басын анықтауға жарамды саусақ іздері жоқ.

16.02.2015 ж. № 520/521/528/529 заттар мен материалдар бойынша кешенді сот трасологиялық сараптама қорытындысына (14-бума, і.б. 158-170) сәйкес сотталған Д. сырт киімінің сол жеңінің сыртқы бетіндегі кесіп-тескен іздер қайралған жүзі бар, кесу қабылетіне ие затпен түйісу салдарынан келтірілгені анықталған.

16.02.2015 ж. № 511/512 тіні бар материалдар мен заттар бойынша жүргізілген сот сараптамасының қорытындысына сәйкес (15-бума, і.б. 22-32) жәбірленуші А. курткасы, спорттық трикосы, ішкі киімі, шұлық, аяқкиімінде және сотталған Д. курткасы, жемпірі, шалбарынан олардың киімдерінің құрамындағы тектері ортақ тіндер анықталмаған.

16.02.2015 ж. № 507/508 тіні бар материалдар мен заттар бойынша жүргізілген сот сараптамасының қорытындысына сәйкес (15-бума, і.б. 60-71) жәбірленуші Р. киімдерінен және сотталған Д. киімдерінен, олардың киімдерінің құрамындағы тектері ортақ тіндер анықталмаған.

16.02.2015 ж. № 518/519/526/527 заттар мен материалдар бойынша кешенді сот трасологиялық сараптама қорытындысына (14-бума, і.б. 99-122) сәйкес киім ілгіш кесіндісінен жәбірленуші А. курткасының құрамындағы полиэфирлі тіндер анықталған. П-тәрізді перде ілгіш кесіндісінен жәбірленуші А. курткасының құрамындағы ішкі астарының жылытқышының полиэфирлі тіндері анықталған. Жәбірленуші А. курткасының арқасындағы бүліну киім ілгіш қырымен келтірілген. Куртканың жеңінен киім ілгішке түйісу салдарынан келтірілген дақ тәрізді іздер бар.

16.02.2015 ж. № 513 заттар мен материалдар тіндері бойынша сот сараптама қорытындысына (15-бума, і.б. 142-154) сәйкес мемлекеттік номері 536 DTA/02kz Тойота хайландер автокөлігінен

табылып алынған битаның ұру бөлігінде сұр-көк аралас түсті екі мақта тіні, ақ түсті қызыл және кара бояуы бар екі мақта тіні анықталып олар тиісінше жәбірленуші А. ішкі киімі мен трусый құрамындағы жалпы тектік заттар екені жоққа шығарылмайды.

16.02.2015 ж. № 516/517/522/523 заттар мен материалдар бойынша кешенді сот трасологиялық сараптама қорытындысына (16-бума, і.б. 17-36) сәйкес жәбірленуші Ж. спорттық шалбарынан көлденең орналасқан топырақ іздері анықталған. Топырақ іздері «Альбадоро» караоке барының ішінен алынған арматура кесіндісіндегі топырақ іздерімен ортақ текті.

16.02.2015 ж. № 514/515/524/525 заттар мен материалдар бойынша кешенді сот трасологиялық сараптама қорытындысына (16-бума, і.б. 62-94) сәйкес мемлекеттік номері 881 АҒА/08kz Мерседес бенц Е 190 маркалы автокөлігінен алынған екі арматура кесіндісінен және жәбірленуші Р. курткасының оң жақ жеңінен құрамында оттегі бар түрлі заттардың соңына дейін жанбау бөлшектері мен іздері және шаңды балшық масса бөлшектері бар.

16.02.2015 ж. № 509/510 заттар мен материалдар тіндері бойынша сот сараптама қорытындысына (16-бума, і.б. 123-135) сәйкес жәбірленуші Ж. пуловеры, спорттық трикосы, ішкі киімі, шұлығы мен аяқ киімінде және сотталған Д. курткасы, жемпірі, шалбарынан олардың киімінің құрамындағы ортақ тіндер анықталмаған.

18.02.2015 ж. № 557/558/564 заттар мен материалдар бойынша кешенді сот трасологиялық сараптама қорытындысына (16-бума, і.б. 152-163) сәйкес жәбірленуші А. ішкі киімінде қатты затпен түйісу салдарынан келтірілген бүліну анықталып, ол мемлекеттік номері 536 DTA/02kz Тойота хайландер автокөлігінен табылып алынған битаның болуы жоққа шығарылмайды.

20.03.2015 ж. № 72 сот биологиялық сараптама барысында (17-бума, і.б. 111-135) сотталушылар мен жәбірленушілердің қан топтары, адам тері мен майы бөлінулер анықталған.

16.03.2015 ж. № 10-06-49 сот медициналық криминалистикалық сараптама барысында (18-бума, і.б. 12-24) Ж. мәйітінен алынған тері препараттарындағы іздер жүзі қайралған, кесіп тесегін затпен келтірілгені және аталған заттың физикалық көрсеткіштері анықталған.

24.04.2015 ж. № 1996 сот молекулярлық генетикалық сараптама барысында (18-бума, і.б.

145-159) сотталған Д. жемпірінен табылған биологиялық іздердің иесі анықталмаған.

16.04.2015 ж. № 11 сот биологиялық сараптама барысында (19-бума, і.б. 38-44) сотталушылар мен жәбірленушілердің қан топтары, адам тері мен майы бөлінулер анықталған.

13.05.2015 ж. № 2321 сот криминалистикалық (портреттік) сараптама барысында (19-бума, і.б. 84-94) «Сейфуллина аулада» файлындағы бейнежазба кадрларында сотталған Д. бейнесі, ал 13.05.2015 ж. № 2323 сот криминалистикалық (портреттік) сараптама барысында (19-бума, і.б. 107-116) «Сейфуллина аулада» файлындағы бейнежазба кадрларында сотталған Ж. бейнесі екені жоққа шығарылмаған.

22.04.2015 ж. № 10 одорологиялық сәйкестендіру мен анықтамаға сәйкес (20-бума, і.б. 35-36), 24.04.2015 ж. № 11 одорологиялық сәйкестендіру мен анықтамаға сәйкес (20-бума, і.б. 45-66), 29.04.2015 ж. № 12 одорологиялық сәйкестендіру мен анықтамаға сәйкес (20-бума, і.б. 55-56) сотталушылар мен жәбірленушілердің иіс іздері оқиға орнынан алынған иіс іздерімен сәйкестігі анықталған.

Аталған сараптамалық зерттеулермен қатар сотқа дейін тергеп тексеру барысында басқа да сараптамалар тағайындалып жүргізілген, осы зерттеу аясында процессуалдық тұлғалардың іздерді табу, алу, бекіту, зерделеу мен пайдалануға басты назар аударып, іс бойынша жан-жақты әрі толық тергеп тексеру амалдарын жүргізу нәтижесінде кінәлі адам әшкереленіп, әділдік орнағанына назар аударғымыз келді. Процессуалдық тұлғалардың сараптама тағайындау мәселесіне келгенде, батылдық танытып, түрлі сараптамалар арқылы кінәні дәлелдеуі, қылмыстық іс-әрекет жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығының бірден-бір кепілі.

Қорыта келе, криминалистика ғылымының алдыңғы қатарлы ұсынымдары мен тұжырымдарының жиынтығының негізінде криминалистикалық техниканы кешенді қолданудың нәтижесінде ғана іздерді табу, алу, бекіту, зерделеу мен пайдалану барысында Конституция және халықаралық шарттарда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп, сотқа дейінгі тергеп тексеруді сапалы жүзеге асыруға болады. Ал бұл өз кезегінде әділдік пен мемлекеттің кез келген құқық бұзушылыққа ден қою әрекетінің бұлтартпастығын қамтамасыз етудің басты шарттары болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген // Егемен Қазақстан. – 2009. – 25 тамыз.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған. – Алматы, 2014.
- 3 Криминалистика: Оқулық. Авторлар ұжымы. – Алматы. «Жеті жарғы», 2006. – 516 б.
- 4 Дильбарханова Ж., Алмаганбетов П. Дактилоскопия. – Алматы, 2001. – 124 б.
- 5 Абуов А.Ф. Криминалистика негіздері. – Алматы: «Жеті жарғы», 2004. – 252 б.
- 6 Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының мұрағаты, № 1-187/2015 жылғы қылмыстық іс. 24 бума.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn 2010 zhyldan 2020 zhyлга dejingi kezenge arналган құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2009 zhyлgy 24 тамыздаgy № 858 Zharlygyмен bekitilgen // Egemen Kazakstan. – 2009. – 25 тамыз.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy 1995 zhyly 30 тамызда kabyлданған. – Almaty, 2014.
- 3 Kriminalistika: Okulyk. Avtorlar ұzhymy. – Almaty. «Zheti zharғы», 2006. – 516 b.
- 4 Dil'barhanova Zh., Almaganbetov P. Daktiloskopija. – Almaty, 2001. – 124 b.
- 5 Abuov A.G. Kriminalistika negizderi. – Almaty: «Zheti zharғы», 2004. – 252 b.
- 6 Almaty kalasynyn kylmystyk ister zhonindegi mamandandyryлган audanaralyk sotynyn мұрағаты, № 1-187/2015 zhyлgy kylmystyk is. 24 бума.